

## Шығыс Қазақстан облысының тірек ауылдық елді мекендерінің тізбесін анықтау туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 330 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 қарашада № 5694 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 350 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 09.12.2021 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 53 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 13375 нөмірімен тіркелген) Тірек ауылдық елді мекендерді айқындау әдістемесінің 6-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысының тірек ауылдық елді мекендерінің ұсынылған тізбесі анықталсын.

2. Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;
- 3) осы қаулы көшірмесінің Шығыс Қазақстан облысы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;
- 4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің экономика және қаржы мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысының*

*Әкімі*

*Д. Ахметов*

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2018 жылғы  
"13" қарашадағы № 330  
қаулысымен бекітілген

### **Шығыс Қазақстан облысының тірек ауылдық елді мекендерінің тізбесі**

№ р/с	Ауданның атауы	Ауылдық округ атауы	Ауылдық елді мекен атауы
1	Семей қаласы	Қараөлең	Қайнар ауылы
2	Семей қаласы	Знаменка	Знаменка ауылы
3	Семей қаласы	Новобаженово	Новобаженово ауылы
4	Абай ауданы	Саржал	Саржал ауылы
5	Абай ауданы	Көкбай	Көкбай ауылы
6	Абай ауданы	Қасқабұлақ	Қасқабұлақ ауылы
7	Аягөз ауданы	Тарбағатай	Тарбағатай ауылы
8	Бесқарағай ауданы	Канонерка	Канонерка ауылы
9	Бородулиха ауданы	Новопокровка	Новопокровка ауылы
10	Бородулиха ауданы	Ново-Шульба	Ново-Шульба ауылы
11	Глубокое ауданы	Черемшанка	Черемшанка ауылы
12	Жарма ауданы	Үшбиік	Үшбиік ауылы
13	Жарма ауданы	Шалабай	Шалабай ауылы
14	Жарма ауданы	Жарық	Жарық ауылы
15	Зайсан ауданы	Қаратал	Қаратал ауылы
16	Зайсан ауданы	Қарабұлақ	Қарабұлақ ауылы
17	Зырян ауданы	Парыгино	Парыгин ауылы
18	Катонқарағай ауданы	Алтынбел	Алтынбел ауылы (Новоберезовка)
19	Катонқарағай ауданы	Катонқарағай	Катонқарағай ауылы
20	Катонқарағай ауданы	Өрел	Өрел ауылы
21	Көкпекті ауданы	Қ. Аухадиев атындағы	Преображенка ауылы
22	Көкпекті ауданы	Самар	Самар ауылы
23	Күршім ауданы	Марқакөл	Марқакөл ауылы
24	Күршім ауданы	Боран	Боран ауылы
25	Тарбағатай ауданы	Ақжар	Ақжар ауылы
26	Ұлан ауданы	Таврия	Таврия ауылы
27	Ұлан ауданы	Бозанбай	Бозанбай ауылы

28	Үржар ауданы	Қоңыршәулі	Таскескен ауылы
29	Үржар ауданы	Мақаншы	Мақаншы ауылы
30	Үржар ауданы	Қабанбай	Қабанбай ауылы
31	Шемонаиха ауданы	Выдриха	Выдриха ауылы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК